

«ҮЕҰ өзара іс-қимыл және мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру туралы» мемлекеттік органдардың есебі

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат және коммуникациялар министрлігі және үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық ұйымдармен жүйелі қарым-қатынас орнатылған.

2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға 38 млн. теңге, 2014 жылдың көрсеткіштен 38% (23,3 млн. теңге) жоғары қаржы бөлінді.

Ақпарат және коммуникациялар министрлігі үкіметтік емес ұйымдармен тұрақты түрде тығыз жұмыс жүргізіп келеді. Үкіметтік емес ұйымдар нормативтік құқықтық актілерді дайындауда, дөңгелек үстелдер мен қоғамдық талқылауларға қатысуда белсенділік танытуда. Министрлікке үкіметтік емес ұйымдар тарапынан «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заң жобасын дайындау барысында көптеген пікірлер және ұсыныстар түскен болатын.

Қазіргі уақытта, бұл ұйымдармен «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңын іске асыру бағытында ынтымақтастық жалғасып келеді. Осы отандық ұйымдардың өкілдері «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңына қатысты туындаған мәселелер бойынша Комиссияның құрамына кіріп, мемлекеттік қызметшілердің және азаматтық қоғам арасында Заң нормаларын түсіндіру мақсатында еліміздің өңірлерінде оқыту семинарларын өткізіп келеді.

Үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықтың тағы бір нысаны әлеуметтік маңызды тақырыптар бойынша бұқаралық ақпарат құралдары мен мемлекеттік органдардың арасындағы форумдарды және оқыту семинарларын өткізу және мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру болып табылады.

Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен 2016 жылғы іске асырылған маңызды іс-шаралар: аймақтық БАҚ-тар форумын ұйымдастыру және өткізу, «БАҚ-тың дамуының заманауи әдістері» тақырыбындағы семинарларын ұйымдастыру және өткізу, баспасөз ақпарат құралдарымен телерадиотаратылымды реттеу саласындағы отандық және шетелдік заңнамамен тәжірибеге зерттеулер жүргізу.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл шеңберінде мынадай жұмыстарды жүргізеді.

Әлеуметтік-еңбек саласында әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін реформалауды көздейтін «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заң іске асырылуда, Заңның негізгі бағыттарының бірі арнаулы әлеуметтік қызметтер нарығын үкіметтік емес ұйымдардың қатысуы есебінен кеңейту болып табылады. Олардың қызметі бәсекелес ортаны құруға және өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

2015 жылы арнаулы әлеуметтік көмек үкіметтік емес секторында 81 ҮЕҰмен көрсетілді (оның ішінде 61 ҮЕҰ облыс бюджеттерге, Астана және Алматы қалалардың бюджеттеріне Нысаналы ағымдағы трансфертер есебінен, 20 ҮЕҰ жергілікті бюджет есебінен), ол 2009 жылдың көрсеткіштерінен 20 есеге көбейді (4 ҮЕҰ), және 2013 жылдан 47% артық (55 ҮЕҰ).

Облыстарға бөлсек ең жақсы нәтижелерді Шығыс-Қазақстан облысы (16 ҮЕҰ қамтуы 1075 адам), Жамбыл облысы (10 ҮЕҰ-қамтуы 961 адам), Павлодар облысы (13 ҮЕҰ- қамтуы - 676 адам), Оңтүстік-Қазақстан облысы (6 ҮЕҰ қамтуы 618 адам) көрсетті. Үкіметтік емес секторында әлеуметтік қызмет алатын азаматтар саны 2013 жылы 3,4 мың адамнан 2015 жылы 5,1 мың адамға дейін көбейді.

2016 жылы үкіметтік емес секторда республикалық бюджеттен арнаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру мақсатында республикалық бюджеттен 837,3 млн. тенге қарастырылған.

Бірінші және екінші топтағы қозғалыс қыйыншылығы бар мүгедектерге, коляскімен қамтамасыз етуге куәлігі бар және жеке көмекшінің қызметіне медициналық айғағы бар бірінші топтағы мүгедектерге қосымша қолдау шарасы ретінде ашылған Инватакси қызмет көрсетуге ҮЕҰ тартылған.

Ағымдағы жылы Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Астана және Алматы қалаларында 13 инватакси қызметін дамыту мақсатында 162,7 млн. тенге бөлінді.

Денсаулық сақтау саласында іс-шараларды іске асыруға үкіметтік емес ұйымдар белсенді тартылған.

ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға үкіметтік емес ұйымдар тартылған. 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде келесі мақсаттарға қол жеткізу үшін тартылады: сектораралық өзара іс-қимылды күшейтуге; үкіметтік емес секторды белсенді тартуға; халықтың жекелеген топтары мен қоғамдар деңгейінде салауатты ортаны қалыптастыруға; мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты ұсына отырып, қоғамдық қозғалыстар мен ҮЕҰ дамытуды ынталандыруға; мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты кезең-кезеңмен ұлғайтуға қол жеткізуге септігін тигізуді іске асыру үшін тартылады.

2015 жылы АИТВ/ЖИТС алдыналу мәселелері бойынша 66 үкіметтік емес ұйым тартылды, оның 36 мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асырады.

Туберкулезге қарсы 7 халықаралық және 24 қоғамдық ұйым және қорлар көмек көрсетеді. Үкіметтік емес ұйымдардың негізгі күштері туберкулезды алдын алуға, анықтауға, ақпараттық сүйемелдеуге, диагностиканың қол жетімділігіне бағытталған, емханадағы, мигранттар, түрмеден босатылған адамдарды қолдау топтарын құру, оқыту, туберкулезбен ауырғандарды оңалту, аурудың жақын ортасын және жалпы халықтың хабардарлығын арттыру, ақпараттық-оқыту материалдарды, туберкулезбен ауруларды әлеуметтік оңалту.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың әлеуетін дамытуға және өзін-өзі танытуға жәрдемдесу және қоғамды мүгедектер, өмірдің әр саласында басқа адамдармен тең мүмкіндіктер жасауға тарту мақсатында, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жылсайын «Қазақстанда іске асырылатын таңдаулы әлеуметтік жобалар көрмесі» атты республикалық көрме өткізіледі. Конкурста ҮЕҰ, қоғамдық бірлестіктер, мүгедектер ұйымдары, жеке тұлғалар, және жұмысы халықты әлеуметтік қорғау жүйесіне бағытталған басқа ұйымдар мен ведомстволар қатысады.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі

2011 жылдан бастап министрлік мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласында уәкілетті органның рөлін атқарған.

Бұл бағытта мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласында заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілген.

2014, 2015 жылдары Министрлік бастамасымен енгізілген өзгерістер мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша конкурста ҮЕҰ-дың қатысуы үшін жеңілдетілген шарттар мүмкіндігін туғызды. Жобалық ыңғайға екпін қойылған. Жобаларды бағалау критерилері енгізілген.

2015 жығы 2 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үкіметтік емес ұйымдардың қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы қабылданған. Заңды іске асыру шеңберінде ҮЕҰ-дың әлеуметтік жобаларын қолдаудың жаңа нысаны-гранттық қаржыландыру енгізілген. ҮЕҰ-ды гранттық қаржыландыру саласында оператор құрылған, ҮЕҰ-дың дерекқорына ҮЕҰ есептілігі енгізілген.

Министрлікпен стратегиялық құжаттар шеңберінде ҮЕҰ мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы қамтамасыз етілген.

Премьер-Министрдің Өкімімен 2016-2020 жылдарға Қазақстан Республикасы мемлекетінің және ҮЕҰ-дың өзара іс-қимыл бойынша Ұлттық жоспар әзірленген және бекітілген. Мемлекеттік органдармен Ұлттық жоспарды іске асырылуының мониторингі және үйлестіру жұмыстары жүргізілген. Ұлттық жоспардың іске асырылуы 5 стратегиялық бағыт бойынша жүзеге асырылады:

қоғамдық мониторинг жүйесін дамыту;

жергілікті өзін-өзі басқаруда ҮЕҰ-дың қатысуы,

ҮЕҰ-дың және мемлекеттің салалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту;

әлеуметтік жауапкершілік және қайырымдылық мәдениетін дамытуда ҮЕҰ-дың рөлін арттыру;

халықаралық және шетел ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл.

Диалогтік алаңдар:

ҮЕҰ саласында жалпыхалықтық диалогты ұйымдастыру шеңберінде Қазақстанда кеңестер және тұрақты форумдар нысанында 300 астам диалогтік алаңдар әрекет етуде. Ең маңызды диалогтық алаңдар Азаматтық форум және уәкілетті орган жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша Үйлестіру кеңесі болып табылады.

Азаматтық форум 2003 жылдан бастап өткізілуде және елдің барлық өңірлерінің ҮЕҰ өкілдерін, ҮЕҰ-дың республикалық көшбасшыларын, мемлекеттік органдардың басшыларын және халықаралық сарапшыларды алаңда жинайды. Азаматтық қоғам мемлекет пен ҮЕҰ-дың ынтымақтастықты дамытудың стратегиялық сұрақтарын қарастырады.

2005 жылдан бастап ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл бойынша Үйлестіру Кеңесі әрекет етуде. Бұдан бұрын аталған Кеңес ҚР Үкімет жанында әрекет етті. ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл бойынша уәкілетті органды анықтағаннан кейін жаңа ҚР Заңының аясында Үйлестіру кеңесі Мәдениет және спорт министрлігі жанында әрекет ете бастады. Үйлестіру кеңесінің құрамына орталық мемлекеттік органдардың өкілдері және республикалық ҮЕҰ-дың жетекшілері кірген. Кеңестің отырыстарында тұрақты негізде ҮЕҰ-дың саласында заңнаманы жетілдіру сұрақтары қарастырылады, министрліктердің және ведомстволардың, облыстық әкімдіктердің Азаматтық Форумының тапсырмаларын орындалуы туралы есептері тыңдалады.

Мәдениет және спорт министрлігі жанында ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл бойынша **тұрақты Жұмыс тобы** құрылған. Жұмыс тобы қызметінің негізгі мақсаты ҮЕҰ-дың және мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының маңызды сұрақтарын өңдеу болып табылады. Топтың құрамында-ең авторитеттік, халықаралық және шетел ҮЕҰ-ры.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 3 жыл ішінде **1 017,0 млн. тенге жалпы соммасына** 141 әлеуметтік жоба іске асырылған.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында Министрлікпен азаматтық қоғамды дамытуға, қоғамдық келісімді нығайтуға, қоғамдық мониторинг жүйесін дамыту, түрлі мақсатты топтарды тарту арқылы сараптамалық және саясаттану серіктестік, ұлттық интеллигенция, ардагерлік және этно-мәдени бірлестіктер, шетелде тұратын қазақ диаспорасы, қарт адамдар, волонтерлер, әйелдер, ауыл тұрғындарын, оның ішінде ҮЕҰ өкілдерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жобалар іске асырылуда.

Әлеуметтік жобаларды іске асыруда негізгі серіктестіктер: «Қазақстан Азаматтық Альянсы» ЗТБ, «Болашақ» бағдарламасының түлектері Қауымдастығы» ҚБ, «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі» ЖМ, «KZ-2050» Жалпыұлттық қозғалыс», «Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ, «Қазақстан жастарының Конгресі» ЗТБ, «Қазақстанның іскер әйелдері қауымдастығы» РҚБ, «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы» РҚБ және т.б. болып табылады.

Мысалға, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ-мен 4 қоғамдық сенім орталықтары құрылған, 512 кеңес берілген, 1300-ден астам мемлекеттік органдардың және қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен 24 білім, денсаулық сақтау, жер қатынастары, әлеуметтік және тұрғын-үй коммуналдық саласында мемлекеттік қызмет көрсету сапасының сұрақтары талқыланған.

Қазақстан Азаматтық Альянспен елдің барлық өңірлерінде құрылған ҮЕҰ-дың серіктестік желісімен азаматтық секторға мемлекеттік көрсетілетін қызмет сұрақтарын беру бойынша ұсынымдар әзірленген.

Мемлекеттік функцияларды беру туралы ұсынымдар жинақталып тұрақты әрекет етуші комиссияның қарауына берілген.

Өңірлердің әлеуметтік проблемаларын шешу бойынша ұсынымдарды өңдеу бойынша жергілікті қауымдастықпен, азаматтық активистермен «KZ-2050» Жалпыұлттық қозғалыс» өңірлерде үлкен жұмыс істелген. Жоба нәтижесінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қабылданған ұсынымдар әзірленеді.

Жобаларды іске асыру кезінде интерактивтік тәсілдерді, ақпараттық технологияларды қолдана отырып инновациялық нысандар пайдаланылған.

Олардың ішінде, он-лайн режимде трансляцияда сараптамалық клубтардың, «talks2050» ted-конференция нысанында бейформальды форум, қоғамдық тыңдаулар, вебинарлар, қоғамдық презентациялар, бейнеконференция арқылы елдің өңірлердің қосылуымен семинарлар, ҮЕҰ қызмет стандарттарын өңдеу бойынша шеберханалар, әлеуметтік қайырымдылық форумдардың жұмыстарын ұйымдастыру.

2016 жылы гранттар ұсынуды құрылған Оператор гранттық қаржыландыру «Азаматтық бастамаларды қолдау» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жүзеге асырады. Гранттарды беру процедурасы ҮЕҰ-ға арналған арнайы әзірленген ережелермен шектелген.

2016 жылы ҮЕҰ үшін гранттарға 208 млн. теңге бөлінген. 2016 жылы тамыз айында оператор 11 жоба бойынша конкурс өткізген. ҮЕҰ ішінен жеңімпаз болғандар қазіргі уақытта жобаларды іске асыруда. Оператор олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

Агенттікпен 2014-2015 жылдары мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу бойынша әлеуметтік жоба іске асырылған.

2014 жылы «Сандж зерттеу орталығы» қоғамдық қорымен еліміздің 16 аймағында 8923 респонденттің қатысуымен 10 793 750 теңге сомасын құрайтын 33 мемлекеттік қызметке қоғамдық мониторинг жүргізілген.

2015 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Қоғамдық пікір институты» ҚБ-мен еліміздің 16 аймағынан 8327 респонденттің қатысуымен 9 714 286 теңгені құрайтын 39 мемлекеттік қызмет бойынша қоғамдық мониторинг жүргізілген.

Осыған байланысты, Агенттік БҰҰДБ бірлесіп қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттануына мемлекеттік қызметтердің 50 түрі бойынша «Қызметтік этика, меритократияны қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шеңберінде мемлекеттік қызметтің реформасын қолдау» жобасы аясында 2016 жылға қоғамдық мониторинг жүргізу мәселесі пысықталды. Бүгінгі таңда «Білім» ғылыми-зерттеу орталығымен еліміздің 16 аймағында 9000-нан кем емес респондент қамтылған 50 түрлі көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы бойынша сауалнама жүргізілуде. Қоғамдық мониторингтің нәтижелері ағымдағы жылдың желтоқсанында Агенттіке ұсынылады.

Қоғамдық мониторингтің нәтижелері орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігіне жыл сайын бағалау жүргізу кезінде пайдаланылады, сондай-ақ

органдар тарапынан көрсетілетін қызметтер сапасы туралы объективті және жалпы көрініс алу үшін ақпарат көзі болуға жарайды.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес ақпараттық және ұйымдастыру қызметі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүргізу жолымен жүзеге асырылады. Осыған байланысты, 2016 жылдың екінші жарты жылдығының басында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Азаматтық бақылау» жобасы 46,2 млн теңге көлеміндегі бюджет қаржысы бөліне отырып іске қосылды.

«Азаматтық бақылау» жобасы аясында барлық аймақта сыбайлас жемқорлық профилактикасы мәселесінде азаматтық бастамалардың орталығы болып танылған қоғамдық қабылдаулар ашылды.

Техникалық тапсырмаға сәйкес «Азаматтық бақылау» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар туралы қорытынды есепті аумақтық бөлімшелер ағымдағы жылдың соңында ұсынатын болады.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 13 қарашадағы №691 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) құрылды, ол таратылған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің құқықтары мен міндеттері бойынша құқықтық мұрагері болып айқындалды.

2014-2016 жылдар аралығында Ұлттық экономика министрлігінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыруы **122,7 млн. теңгені** құраған.

Қазақстан Республикасы халқының салауатты тамақтануы бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындауға байланысты 2014 жылға 3 бағдарлама жоспарланған:

1.«Қалалық және ауылдық елді мекендердегі жалпы білім беретін мектептер оқушыларының тамақтану және денсаулық жағдайын бағалау»;

2.«Жалған және генетикалық түрлендірілген өнімдерді қоса алғанда, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі және оларды бақылау бойынша мониторинг, әдістемелік қамтамасыз ету және ұсынымдар әзірлеу»;

3.«Витаминді-минералды кешенмен байытылған жоғарғы және бірінші сұрыпты ұнның халықтың нысаналы топтарына тиімділігін бағалау». Жоғарыда аталған бағдарламаларды іске асыру үшін бюджеттен 94,3 млн. теңге бөлінді.

2015 жылғы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Қазақстандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоры» корпоративтік қоры «Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің даму жағдайын, проблемалары мен перспективаларын айқындау» атты қазақ және орыс тілдерінде социологиялық зерттеу жүргізді, шарттың сомасы 13,4 млн. теңгені құрады.

Сауалнамаға Қазақстанның 14 облысынан, Астана және Алматы қалаларынан 2500 респондент қатысты. Респонденттерді таңдау кезінде қала мен ауыл тұрғындарының пропорциясы, әйелдермен ер адамдардың үлесі, жасы, білімі және кәсібі ескерілді.

Респонденттер: тұтынушылардың құқықтарының бұзылу жиілігінен бастап тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнама туралы хабардар болу деңгейіне дейінгі бірқатар сұрақтарға жауап берді.

Зерттеу қорытындылары бойынша қазақ және орыс тілдерінде мемлекеттік органдар мен тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері үшін ұсынымдар мен ұсыныстары бар талдамалық есеп дайындалды.

2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша социологиялық және талдамалы зерттеулер жүргізіледі. Шарттың сомасы 15 млн. теңгені құрады. Қазіргі уақытта бұл бағыттағы зерттеулер жалғасуда.

ҚР Ішкі істер министрлігі

Ішкі істер министрлігі үкімет емес ұйымдармен (*әрі қарай-ҮЕҰ*), қоғамдық құрылымдармен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша өзара әрекеттесу және ынтымақтасу бойынша белгілі жұмыс атқаруда.

Ішкі істер органдарының (*әрі қарай-ПО*) үкіметтік емес сектормен өзара әрекеттесу және ынтымақтасудың тиімділігін арттыру мақсатында, министрлікте үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуы және ынтымақтастығы жөніндегі Кеңес жұмыс атқарады.

Бүгінгі күні ПО 200-ден астам үкіметтік емес ұйымдармен қызметтің түрлі бағыттары бойынша ынтымақтастық орнатып, жүзеге асыруда.

Бекітілген меморандумдар және ауызша келісу шеңберінде ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын адамдарға, олардың заңды мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз ету сондай-ақ мәселелері бойынша ұстау жағдайына мониторинг жүргізу арқылы кездесулер, сұхбаттасулар, дөңгелек үстелдер және конференциялар өткізуге көмек көрсетеді.

Бұдан басқа, үкіметтік емес ұйымдармен өзара әрекет етуде ҚАЖ мекемелерінде туберкулез, ЖИТС және басқа да аурулардың алдын-алу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұдан басқа, республиканың барлық өңірлерінде ҚАЖ мекемелерінде ұсталынған тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз ету және ҚАЖ мекемелері әкімшіліктеріне осы мәселелер бойынша жәрдемдесуге бағытталған қоғамдық бақылау комиссиялары жұмыс жасайды.

ҚБК мүшелеріне әртүрлі қоғамдық бірлестіктердің және құқық қорғау ұйымдарының 118 өкілі кіреді. Жыл басынан республиканың ҚАЖ мекемелеріне ҚБК 195 рет (*2015 ж. – 192*) барды.

Жергілікті полиция қызметінің (*әрі қарай-ЖПҚ*), өзара іс-қимыл жасасуда негізгі салалары құқық бұзушылықтардың алдын алу, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық және кәмелетке толмағандар, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ПО арнайы мекемелер қызметін ұйымдастыру болып табылады. Осы бағыттағы жұмыс барлық аймақтық бөліністерде ұйымдастырылған.

Мысалы, жыл басынан Астана қ. ПД ЖПҚ-мен ҮЕҰ-мен бірлесе жасөспірім, тұрмыстық, мас күйде және рецидивтік қылмыстықтардың алдын алу бойынша бірқатар профилактикалық шаралар жүргізілген.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 23 шілдесінде Алматы қ. ПД Жергілікті полиция қызметі «Забота» дағдарыс орталығымен бірлесіп жалпы қалалық шағын футбол ұйымдастырды. Турнирға ПО еспте тұрған жасөспірімдер мен сәтсіз отбасыда тұратын кәмелетке толмағандар қатысты.

ШҚО ПД ЖПҚ қызметкерлерімен “Феникс” дамыту және бейімдеу орталығы” қоғамдық бірлестігімен бірге 2016 жылдың шілде-қараша айларында «ҮЕҰ мен мемлекеттік құрылымдарының тұрмыстағы зорлық-зомбылық, адам саудасы және халықты деструктивтік топтарға тартуға қарсы ведомствоаралық өзара іс-қимылдарын жандандыру» жобасы жүзеге асыруда. Жобаның мақсаты-мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрес және балаларға қатысты қылмыстың алдын алудағы профилактика субъектілердің өзара жұмысы арқылы ақпараттандыру деңгейін көтеру болып табылады.

Мемлекеттік емес секторлармен бірлескенде біршама нәтижеге қол жеткізілді: мысалы үйреншікті бірнеше сағаттық семинарларды, тренингтарды, дөңгелек стөлдерді және тағы басқа да жиналыстардың орнын басып, оларды баспаханаларда «горячими линиями», телеарналарда «тікелей эфирлармен», әлеуметтік желілердің порталдары мен ақпараттық агентствалардың

жарнамаларында «онлайн-конференциялармен», сондай-ақ азаматтық қоғамдардың конструктивті диалогтарымен ауыстырылды.

«Астана-есірткісіз қала» іс-шаралар Жоспар аясында Астанада үкіметтік емес секторлармен белсенді өзара әрекеттесу жүргізілуде.

26 маусым Халықаралық нашақорлықпен күресу күні Ішкі істер министр құқығымен нашақорлыққа қарсы жұмысы үшін, нашақорлықтың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттаған үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мақтау қағаздарымен 12 үкіметтік емес ұйым өкілдері марапатталды (2016 жылғы 17 маусымдағы №153 ж/қ, № 156 бұйрықтары).

Жыл сайын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында әлеуметтік жобалар іске асырылуда. 2014 жылы жоба адам саудасымен күресуге бағытталған.

Жобаның шеңберінде ел тұрғындары Қазақстандағы адам саудасы проблемасы және республикада бірыңғай, тәулік бойы, анонимді, тегін жұмыс істейтін «116 16» тікелей байланыс желісі туралы, оған хабарласып, адам саудасы туралы өздеріне белгілі фактілерді хабарлауға және адам саудасының құрбаны болмау үшін қажетті ақпарат алуға болатыны туралы ақпараттандырылды.

2015 жылы мемлекеттік сатып алу нәтижесі бойынша «С.А.Р.» Анализ және болжау орталығы» Қоғамдық қорымен 1700 респонденттің қатысуымен елімізде есірткі тұтынуды кешенді зерттеу жүргізілген.

Нәтижесі бойынша аналитикалық есеп жасалып, зерттеудің нәтижелері баяндалды.

2015 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында «Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымдарының одағы» ҚБ-мен аймақтық жарыстардың сондай-ақ, ТМД елдерінің жеңімпаздарының қатысуымен жас инспекторлар слеті Алматы облысында өткізілді. Қатысушылардың жалпы саны 220 адам.

ҚР Энергетика министрлігі

ҚР Энергетика министрлігімен үкіметтік емес ұйымдармен өзара қарым-қатынас пен әріптестік бағытында белгілі бір жұмыс жүргізіледі. Министрлік пен үкіметтік емес ұйымдардың ара-қатынастың негізгі механизмі болып ҮЕҰ ұсыныстары негізінде жинақталатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс табылады.

ҚР Энергетика министрлігі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша келесі жобаларды іске асырды.

«Қазақстан Республикасын тұрақты дамуға жәрдемдесу орталығы» Қоғамдық қоры іске асырған Қазақстан Республикасында қалдықтарды бөліп жинауды енгізу туралы қоғамды ақпараттандыру жобасы шеңберінде кәсіпорындарында және мекемелерде қалдықтарды бөлек жинауды енгізу бойынша Үлгілік нұсқаулық әзірленді, Астана, Петропавл, Бурабай, Қарағанды қалаларында оқу семинарлары мен ақпараттық науқандар өткізілген, коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау артықшылықтары туралы ақпараттық бейнеролик, қалдықтарды бөлек жинау туралы буклеттер әзірленіп, жоба нәтижелерін мүдделі мемлекеттік органдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар және қоғамдық ұйымдар арасында таратылды.

«Адам денсаулығы институты» Жастар қоғамдық бірлестігімен «Энерготиімді, энергоүнемді экологиялық таза технологиялар» тақырыбына қоғамдық экологиялық тыңдауды өткізу» жобасы аясында республикалық «ДСҰ-ға кіру алдында халықты экологиялық ағарту» шарасы өткізілді, «Биоотын, энергия үнемдеу – энергия үнемдеуші технологиялар» дөңгелек үстелі, «Экотранспорт, экоархитектура» семинары өткізілді, жастарға экологиялық тәрбие беру бойынша тиімді әдістері туралы талдамалық баяндама дайындалды, сонымен қатар жобаны іске асыру бойынша ақпараттық брошюраларды шығарылды.

«Тұрақты өндіріс және тұтыну орталығы» Қорпоративтік қорымен Қазақстан Республикасында тұрақты өндіріс және тұтынушылыққа жетуге арналған бағдарламалар мен

жобаларды жүзеге асыру бойынша жасалатын іс-шаралардың тиімділігіне мониторинг жүргізілді. Жобаны іске асыру аясында экономиканың әр түрлі секторларына тұрақты өндіріс және тұтыну құралдары моделін енгізу артықшылықтарын талқылау үшін мемлекеттік органдардың, БАҚ-тың, қоғамның қатысуымен конференция өткізілді, Қазақстан Республикасы үшін неғұрлым тиімді тұрақты өндіріс және тұтыну құралдары тізбесін қалыптастырылды, тұрақты өндіріс және тұтыну құралдары пакетін әзірленді, тұрақты өндіріс және тұтыну құралдары модельдеріне қол жеткізу бойынша ең табысты жобаларды жарияланды.

Қазіргі кезде Министрлікпен 2015 жылдан бері Қазақстан Республикасының тұрғындар арасында негізсіз «радиациомазасыздық» деңгейін төмендету бойынша іс-шараларды өткізу» атты жоба іске асырылуда, оның аясында қоғам мен халықты радиациялық қауіп-қатердің нақты деңгейі туралы хабардар етілуде, салауатты өмір салтын насихаттау саласында мүдделі тараптардың әлеуетін арттырылуда, республикада «радиомазасыздықты» төмендету бойынша мәселелерге білім берілуде, медициналық мекемелер, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарды, журналистер мен қоғамды тартылуда.

Астана қаласы

Астана қаласындағы тіркелген ҮЕҰ саны **2365** кәсіпорынды құрады, оның ішінде жұмыс істейтін кәсіпорындар саны - **100**. Үкіметтік емес ұйымдардың басым бөлігі халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдау, жастар саясаты, азаматтардың денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау салаларында қызмет етеді.

Мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ өзара іс-қимылының негізгі механизмі болып мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс табылады. Астана әкімдігі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруды 2007 жылдан бастап жүзеге асырады.

Соңғы үш жылда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландырудың оң динамикасы белгіленген. 2016 жылы әлеуметтік тапсырыс жобасын іске асырылуына бөлінген бюджеттік қаражаттар көлемі, **523,5 млн.тенге**, ол 2014 жылғы көрсеткішке қарағанда **55%** артық.

Ағымдағы жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға Астана қаласының ішкі саясат, білім, жастар саясаты, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармалары қатысты.

Ең тиімді іске асқан әлеуметтік тапсырыстар қатарына «Құқық» ҚҚ «Шанс» әлеуметтік-құқықтық қолдау орталығы атты жобасы, «КАМЕДА» ҚҚ «Денсаулық сақтау кәсіподақтары жастарының арасында көшбасшылықты дамыту», «Тұтынушы лигасы» ҚБ «Халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінікті қалыптастыру бойынша сараптамалық қоғамдастықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен іс-шаралар кешенін өткізу жобалары» кірді.

«Құқық» ҚҚ іске асырған «Шанс» әлеуметтік-құқықтық қолдау орталығы атты жобасы аясында 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 3000-ден астам адам әлеуметтік бағдарламадан өтті (оның ішінде 663-і қылмыс жасаған жасөспірімдер), бағдарламадан өткеннен кейін олардың тәртібі, сабақ үлгерімі жақсарып, құқық бұзушылықты қайталау жағдайлары қайталанған жоқ.

«КАМЕДА» ҚҚ «Денсаулық сақтау кәсіподақтары жастарының арасында көшбасшылықты дамыту» атты жобасы аясында 25 тренер дайындалды, олар тренингтер өткізіп, денсаулық сақтау кәсіподақтары активтерінің 100 мүшесін оқытты, 25 жаттықтырушы дайындықтан өтті.

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы 50-ден астам қоғамдық ұйым өкілдері қатысатын 25 консультативтік кеңесші орган қызмет етеді. Аталған кеңес отырыстарында берілген ұсыныстар хаттамалық тапсырма ретінде беріліп, шешімін табуда. Сонымен бірге, Астана қаласының қоғамдық кеңесі және аудандарда құрылған территориялық кеңестердің құрамына белсенді үкіметтік емес ұйым басшылары енгізілген. Қоғамдық ұйым өкілдері аталған құрылымдар

арқылы қаланың аса маңызды мәселелеріне еркін араласып, өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіруде. Сондай-ақ, Астана қаласында қызмет етуші 20-ға жуық қоғамдық ұйым басшылары республикалық деңгейдегі комиссиялар мен кеңестерге мүше.

Алматы қаласы

Алматы қаласындағы тіркелген ҮЕҰ саны **5863** кәсіпорынды құрады, оның ішінде жұмыс істейтін кәсіпорындар саны - **4492**. Үкіметтік емес ұйымдардың басым бөлігі азаматтардың құқықтарын қорғау, салауатты өмір салтын насихаттау, әлеуметтік қорғау және жастар саясаты салаларында қызмет етеді.

Алматы қаласының әкімдігі әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы ҮЕҰ тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

Мысалға, ішкі саясат басқармасы мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіруге, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған жобалар іске асырылуда. Жастар саясат басқармасы түрлі бағыттағы жастар бастамасын қолдайды. Сондай-ақ мемлекеттік органдармен экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тұрғындар әдепі, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау бойынша жобалар іске асырылуда.

Соңғы үш жылда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландырудың оң динамикасы белгіленген. 2016 жылы әлеуметтік тапсырыс жобасын іске асырылуына бөлінген бюджеттік қаражаттар көлемі **7 есеге өсті -1433,5 млн. теңгені** құрады (2014 жылы - 238,9 млн. теңге).

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың негізгі бағыттары: ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту, жастар бастамаларын қолдау, гендерлік саясатты дамыту, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдау және салауатты өмір салтын насихаттау.

Ең тиімді іске асқан әлеуметтік тапсырыстар қатарына "Жас Дарын" жас талантты қолдау» ҚБ «Дені сау ұлт – көркейген Қазақстан» жобасы, «RazumLife» қоғамдық қорының «Жанұя «Отбасылық мектебі», «Ақпараттық-қор орталығы» ҚҚ «Үздік әлеуметтік серіктес» байқауын өткізу», «ТӨБЕ әлеуметтік-мәдени даму қоры» ҚҚ «Әлеуметтік ойлар банкі» жобасы, «ЮНЕСКО клубтарының Қазақстандық Ұлттық Федерациясы» ҚБ «Шығармашылық жастар фестивалі» жобасы кірді.

«RazumLife» қоғамдық қорының «Жанұя «Отбасылық мектебі» жобасы шеңберінде Білім алмасу және сапалы ақпараттану мақсатында жас отбасылар үшін www.zhanuua.org бірегей ақпараттық портал құрылды. Отбасылық дәстүрлер мен өзара қарым-қатынастар құндылықтарын насихаттау мақсатында, 19 қыркүйекте мәдениет және демалыс орталық саябағында отбасылық іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында, әр түрлі ойындар, викториналар, байқаулар ұйымдастырылды. Жоба өзара түсіністік пен сыйластық, жас отбасылардың қатынастарды құру және отбасылық дәстүрлерді сақтау үшін жағымды импульс берді.

"Жас Дарын" жас талантты қолдау» ҚБ «Дені сау ұлт – көркейген Қазақстан» жобасы шеңберінде 2013 жылы құрама аралас жұптағы тәрбиеленушілер арбадағы спорттық билер бойынша Қазақстан Республикасының Параспартакиадасын және Қазақстан Республикасының Кубогын жеңіп, алтын медальдар алды. 2014 жылы арбадағы билер бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионатын жеңіп шығып, тағы бір мәрте алтын медальдар алды және Қазақстан Республикасының атынан Кореяда өткен Азиялық ойындарда 7-ші орынға ие болды. 2016 жылы Алматы қаласында арбалардағы спорттық билер бойынша бірінші Клуб ашылды.

Сонымен қатар «ЮНЕСКО клубтарының Қазақстандық Ұлттық Федерациясы» ҚБ «Шығармашылық жастар фестивалі» жобасы аясында 25 жас талант өнер және мәдениет саласының жетекші мамандарынан шебер класс өту мүмкіндігін алды.

Ақмола облысы

Өңірде тіркелген ҮЕҰ-ның саны – **1002**, соның ішінде нақты жұмыс істейтіндер саны – **357**.

ҮЕҰ-ның қызметінің негізгі бағыттары: жастар ісі, этномәдени, экологиялық, патриоттық, спорттық, қайырымдылық, құқық қорғау, кәсіпкерлік қызметті дамыту, гендерлік, сауықтыру-алдын алу, ғылыми-білім беру, мүгедектерді қолдау, әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру және т.б. болып табылады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ-ның өзара іс-қимылының негізгі тетігі болып табылады. Осы ретте, өңірдегі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асыру тәжірибесі 2006 жылдан бастап енгізілгенін жеткіземіз.

Соңғы үш жылда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландырудың оң динамикасы байқалады. 2016 жылы жергілікті бюджеттен бөлінген сома **258,9 млн.теңгеге** жетіп, бұл көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда **47%-ға** артық (136 млн.теңге) болып отыр.

Ү.ж. мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты облыстық ішкі саясат, жастар саясаты, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және дін істері басқармаларына асыруда.

Аудандық деңгейде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың ұлғаюына байланысты қаржыландыру көлемінің өсуі байқалады. 2015 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс 4 ауылдық ауданның ішкі саясат бөлімдерімен ғана іске асырылған болса, 2016 жылы ҮЕҰ-ның әлеуметтік жобалары өңірдің 13 аудандарымен 2 қаласында ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерімен жүргізіліп отыр.

Іске асырылған жобалардың бағыттары мемлекеттің стратегиялық басымдықтарының спектрін тұтастай көрсетеді. Бұл азаматтардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау, гендерлік және отбасылық-демографиялық саясаттың басымдықтарын іске асыру, азаматтардың денсаулығын қорғау, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Мысалы, өңірдің дін саласында дамытуда «Насихат» консультативтік-оңалту орталығы ҚБ үлкен жемісті қызмет атқарып келеді.

2013 жылы құрылған «Насихат» ҚБ-нің басшысы Қанат Алшымбаев болып табылады. Аталған ұйым өз қызметінде әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени және басқа да қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейді. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін «Насихат» бірлестігі толеранттылық және гуманизм, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді насихаттауға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын іске асырып келеді. Ұйым деструктивті діни ағымдардан зардап шеккен азаматтарды оңалту бойынша, әлеуметтік әділдік, адамгершілік пен салауатты өмір салтын насихаттау секілді жұмыстарды ұйымдастырып келеді.

2014 жылы бірлестігімен 4074 адам қамти отырып, 80 дәрістер, 135 нүктелі кездесулер, оның ішінде 56 түзеу мекемелерінде өткізілген. Облыстық имамдар мен молдалар үшін 4 семинар өткізіліп, 2 млн. теңгеге жуық сомаға кітаптар мен брошюралар сатып алынып, қатысушылар арасында үлестірілген. Аталған материалдар өңірдегі мешіттер мен түзету мекемелеріне лекциялар мен нүктелі кездесулер өткізу барысында таратылған.

Ақтөбе облысы

Облыста әртүрлі бағыттағы қызмет етіп отырған **508** үкіметтік емес ұйымдары тіркелген, белсенділері **110** астам ҮЕҰ.

Ақтөбе облысында қоғамдық ұйымдармен жүйелі және өзара тиімді қарым-қатынас орнатылған. Қоғамдық ұйымдар облыс тұрғындарымен тікелей байланыс жасай отыра, әлеуметтік салалардағы мәселелерді шешуге белсенді араласуда.

2016 жылы әлеуметтік жобалардың іске асырылуына **216,2 млн. теңгеге** жеткен (2014 жыл - 128,2 млн.теңге) көрсеткіш **40%** өскен.

2016 жылы облыстық деңгейде 8 басқарма: (ішкі саясат, жастар саясаты мәселелері, мәдениет, мұрағаттар және құжаттама, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік

бағдарламалар, тілдерді дамыту, денсаулық сақтау, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу, діни істері басқармалары), сонымен қатар Ақтөбе қалалық және аудандық әкімдіктер мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруда. 2014, 2015 жылдармен салыстырғанда 2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру көлемінің өскенін байқауға болады.

Қоғамдық ұйымдарға тұрақты түрде құқықтық, әдістемелік, консультативтік қолдау мақсатында Үкіметтік емес ұйымдардың ресурстық орталығы жұмыс жасайды. Ресурстық орталық «Ақтөбе облысының үкіметтік емес ұйымдарының ассоциациясы» ЗТБ-да базасында орналасқан. Орталыққа арнайы ғимарат бөлініп, материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген. Ассоциация 50-ге жуық белсенді үкіметтік емес ұйымдардың басын біріктіреді. Ресурстық орталықта қоғамдық ұйымдар жетекшілері мен өкілдері ҮЕҰ қызметіне қатысты кездесулер, семинарлар, пікір алмасулар жиі өткізеді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы жобалар денсаулық сақтау, дін, экология, мәдениет және де мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсету, медиацияны дамыту саласында кеңінен жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың аясын кеңейту, жүзеге асырылуын жетілдіру, үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік органдармен қарым-қатынасын одан әрі дамыту және т.б. жұмыстарды жүргізу мақсатында Ақтөбе облысының әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңес 2005 жылдан бастап жұмыс жасайды.

Кеңестің құрамында 19 мүшесі бар, олардың 10 үкіметтік емес ұйымдар өкілдері болып табылады. Кеңес отырысы жылына 2 рет өткізіледі.

Сонымен қатар, азаматтық қоғам өкілдері облыстық жергілікті атқарушы органдар жанындағы 20-ға жуық кеңес беруші консультативтік органдардың құрамына кіреді.

Азаматтық қоғам институтының ұйымдастыруымен 2015 жылы 1700-ден астам іс-шара және 2016 жылы 3000-ға түрлі іс-шара өтті.

Алматы облысы

Алматы облысындатіркелген ҮЕҰ-ның саны **790**, оның **354** әрекет етуші.

ҮЕҰ-дың қызметінің негізгі бағыттары жастарды қолдау, азаматтардың құқықтарын қорғау, мемлекеттік тілді насихаттау, ұлтаралық келісімді сақтау, әскери-патриоттық, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде, гендерлік теңдік бағытында, білім беру, экология, мәдени, демография салалары болып табылады.

Мемлекеттік органдармен ҮЕҰ-дың өзара іс-қимыл негізгі механизмі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс болып табылады. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың облыста іске асыру тәжірибесі 2004 жылдан басталған.

Облыс бойынша соңғы жылдары мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру көлемін кеңейту бойынша бірқатар шешімдер қабылданды.

2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру **2 есе** өскен және **641,6 млн. тенгені** (2014 жыл - 299,7 млн.тенге) құраған. Жалпы 3 жылда 451 әлеуметтік жоба іске асырылған.

2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 7 облыстық басқармалармен (денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, спорт, ішкі саясат, дін және жастар саясаты жөніндегі басқармалары). ҮЕҰ жобаларын қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен барлық 16 селолық аудандар және 3 қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және ішкі саясат бөлімдерімен жүзеге асырылады.

Облыста азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылы сұрақтары бойынша облыс әкімдігінің жанында Кеңес жұмыс жасайды. Отырыстарда осы бағытта жұмысты жетілдіру бойынша ұсынымдар қабылданады, аудандық қоғамдық кеңестердің төрағаларының есептері тыңдалады. Азаматтық қоғам институттарымен өзара тығыз байланысты нығайтуда Алматы

облыстық Азаматтық Альянсы мемлекеттік органдардың негізгі партнеры болып табылады. Сондай-ақ, Талдықорған қаласындағы «Әйелдерді қолдау орталығы», «Здоровыйвыбор», «Қос қанат Жетісу», Алматы облыстық іскер әйелдер ассоциациясы, Қаратал ауданындағы әйелдерді қолдау орталығы, Ескелді ауданында «Демеу» мүгедектер қоғамы, Еңбекшіқазақ ауданындағы жергілікті өзін-өзі басқару қоры, Талғар ауданындағы «Ауыл әйелдерінің торабы», Алакөл ауданында «Алакөл-Қамқор» және т.б. қоғамдық бірлестіктер өңірдегі қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысып, жергілікті атқарушы органдармен тығыз қарым-қатынаста.

2016 жылы мүгедектер қоғамының жетекшісі Елдос Баялышбаев Астана қаласында өткен «StartupBolashak» жобасына қатысып, екінші орынға ие болып, Алакөл өзенінің бойында мүмкіндіктері шектеулі адамдарға 170 шаршы метрде 30 адам қабылдайтын «Асар» пансионатын ашты.

Атырау облысы

Облыста әртүрлі бағыттағы қызмет етіп отырған **588** үкіметтік емес ұйымдары тіркелген, белсенділері **500** ҰЕҰ.

Атырау облысының әкімдігімен үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көлемін ұлғайту, салалық принципі бойынша жұмысты кеңейту мақсатында бір қатар жұмыстар атқарылды.

2014-2016 жылдар аралығында әр жыл сайын жергілікті атқарушы органдарында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру көлемі ұлғайған, яғни, 2014 жылы 172,4 млн.теңге бөлініп, 110 әлеуметтік маңызды жобаларды 13 мемлекеттік орган (7 басқарма, 6 әкімдік) жүзеге асырды.

Ал, 2016 жылы 149 маңызды жобаларын қаржыландыру көлемі **322 млн.теңгеге** жетіп, 18 мемлекеттік органмен (10 басқарма, 8 әкімдік)мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс іске асырылып, 2014 жылдан **46%** жоғары көрсеткішті көрсетті.

Атап айтқанда, гендерлік саясатты насихаттау бойынша, «ЭКСПО – 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау және қыз-келіншектерді дәріптеу мақсатында «Ажар» фестивалін ұйымдастырып өткізу. «Мен Конституцияны жатқа білем» атты конкурс ұйымдастыру, VII облыстық Азаматтық форумды және әлеуметтік жобалар жәрмеңкесін өткізуәлеуметтік маңызды жобалары іске асырылуда.

Облыстық Тілдерді дамыту басқармасымен іске асырылып жатқан қазақ, орыс, ағылшын тілін меңгерген жастардың арасындағы «Тілдарын» облыстық олимпиадасы», қазақ жастары арасындағы орыс тілі білгірлерінің «Тіл барлық білімнің кілті» атты облыстық байқауы».

Облыстық Дін істері басқармасы деструктивтік діни ағымдардан зардап шеккендерге ақпараттық-консультативтік, құқықтық, психологиялық және әлеуметтік қызмет көрсету, Атырау облысына білікті теологтарды, дінтанушыларды және қоғам зиялыларын тарта отырып, халық ішінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Облыстық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен жастардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін, жастардың біліктілігін арттыру мақсатында облыстық жастар спартакиадасын өткізу, Жастарды ауыл шаруашылығы мамандықтарына бағытталған «ЖасАгро» жобасын жүзеге асыру т.с.с. тақырыптарда жұмыстар жүргізілуде.

Облыстық Білім беру басқармасы жастарға психологиялық, құқықтық көмек көрсетуге арналған дағдарыс орталығын ашу, суицидтік мінез-құлықтың профилактикасына арналған шаралар кешенін өткізу бағыттарында жұмыстар атқаруда.

Үкіметтік емес сектормен позитивті өзара ынтымақтастық жолға қойылды. 2003 жылдан бастап облыс әкімі жанындағы ҰЕҰ қарым-қатынас жасау жөнінде Кеңес жұмыс жасауда. Кеңестің құрылған кезінде оның құрамында бірде-бір азаматтық қоғамның өкілі болмаса, қазіргі уақытта Кеңестің жалпы құрамының 40%-ы ҰЕҰ өкілдерінен тұрады. Кеңес төрағасының екі орынбасарының бірі - облыстық Азаматтық Альянстың президенті.

Батыс-Қазақстан облысы

Қазіргі таңда облыс бойынша **656** ҮЕҰ тіркелген. Олардың ішінде **100** ұйым белсенді жұмыс атқарып отыр.

2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға бюджеттен **559,5 млн. теңге** бөлінді, бұл 2014 жылғы көрсеткіштен **34%-ға** артық. 189 әлеуметтік маңызы бар жобалар жүзеге асырылуда.

Табысты іске асырылған әлеуметтік жобалар ішінде 2015 жылда жүзеге асқан «Сотталған азаматтарды қоғамдық өмірге бейімделуде көмек көрсету» атты жобаны атап кету болады. Жоба аясында сотталғандармен оқыту жұмыстары жүргізілді. Облыс бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментімен жоспар бекітіліп, 2015 жылғы маусым-тамыз аралығында кәсіпкерлік қызмет, бағдарламалау негіздері және шағын бизнесті компьютерлендіру жөніндегі маман, басқару менеджменті, дінтану негіздері пәндерінен оқыту курстары жүргізілді. Сонымен бірге, спорттық жарыстар ұйымдастырылып, «Зиянды әдеттерден аулақ. Шылым шегу, ішімдік, нашақорлықтан бас тарту» тақырыбында дәрістер оқылды. Бірлестіктің жұмысына қатысушы 90-ға жуық сотталған азаматтардың қатарында террористік қылмыс жасағандары үшін жазасын өтеуші азаматтар да болды. Жобаның мақсаты сотталған азаматтарды әлеуметтік бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу және оларды қоғамға бейімдеу болып табылады. Жоба үлкен әлеуметтік сипатқа ие. Сотталған азаматтардың өмірге деген көзқарасында айтарлықтай өзгеріс байқалды. Айта кету керек, жоба қоғамда да оң пікірге ие болды. Аталған жоба тиімді әрі сапалы жүзеге асырылды.

Осыған орай, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты Батыс Қазақстан облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама, дене шынықтыру және спорт, дін істері және білім басқармалары жүзеге асырғаны жөн деп санаймыз.

Азаматтық қоғамды қалыптастырудағы және қоғамның өзекті мәселелерін шешуде маңызды рөлі атқаратын диалогтік алаңшалардың бірі ретінде «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі Кеңес» болып табылады. Кеңес 2004 жылдан бастап қызмет атқарып келеді. Кеңестің құрамында 18 мүше, оның ішінде мемлекеттік орган өкілдері - 7 адам және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері - 11 адам (әртүрлі деңгейдегі мәслихат депутаттары, ҮЕҰ және бизнес өкілдері). Кеңестің құрамының 65% азаматтық қоғам институттарының өкілдері құрайды.

Кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес жыл сайын кемінде 4 отырыс ұйымдастырылып, өткізген болатын. Кеңестің отырыстарында көптеген мәселелер көтеріледі, соның ішінде:

Азаматтық қоғам құруда мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың ынтымақтастығы және алдағы тұрған міндеттер мен мақсаттар туралы;

Азаматтық бастамаларды дамыту бойынша жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың бірлескен жұмысы туралы;

Мемлекеттік әлеуметтік жобаларды қаржыландырудың тиімділігі мен тетіктерін жетілдіру бойынша жасалған жұмыстар туралы және т.б.

Кеңес отырыстарының қорытындысы ретінде үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе жүргізген жұмыс барысында жіберілген кемшіліктерді, жоғары тұрған органдардың ұсыныстарын ескере отырып, биыл әлеуметтік – маңызды жоба арқылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне мониторинг жүргізіліп, қорытындысы бойынша талдамалық анықтама жасақталатын болады.

Жамбыл облысы

Жамбыл облысында тіркелген ҮЕҰ-ның саны **713**, оның **200** әрекет етуші.

ҮЕҰ-дың негізгі қызметінің бағыттары жастар саясаты, әлеуметтік қорғау, азаматтық бастамаларды қорғау, гендерлік саясат, мүгедектер қолдау, әлеуметтік осал топтарды қолдау,

салуатты өмір салтын насихаттау, тіл саясатын жылжыту, денсаулық сақтау саласындағы бағдарламалар, білім, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу болып табылады.

Мемлекеттік органдармен ҰЕҰ-дың өзара іс-қимыл негізгі механизмі - мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс болып табылады. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың облыста іске асыру тәжірибесі 2005 жылдан басталған.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс 2016 жылы **437,4 млн. теңге** бөлінді, бұл көрсеткіш **44%** көп (244,7 млн. теңге).

Қазіргі таңда 167 әлеуметтік жоба іске асырылуда. 2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс облыстық деңгейде 9 басқармамен (*ішкі саясат, жастар саясаты мәселелері, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, денсаулық сақтау, білім, дін істері, тілдерді дамыту, мәдениет, мұрағаттар және құжаттар, спорт басқармалары*), облыс прокуратурасы және облыс бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментімен жүзеге асырылуда. Сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа 18 аудандық және қалалық әкімдіктердің бөлімдері қатысады. Қаржыландыру көлемдері, әлеуметтік жобалар санымен қатар жыл сайын тартылатын мақсатты топтар саны өсуде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу салалары кеңейтілуде.

Тұрақты негізде ҰЕҰ-дың ақпараттық-ресурстық орталығы, саясаткер әйелдер клубы, тегін заңгерлік қызмет көрсету, сотсыз дау-дамайды шешу институты (Медиация), этникалық қазақтарды қоғамға интеграциялау, отбасы институты, отбасылық зорлық-зомбылықты, адам саудасын алдын алу, жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру қызметтер атқарылуда. Сондай-ақ, конструктивтік ағымда өз қызметін облыстық Азаматтық альянс жүргізуде.

Облыс тұрғындары арасында оң резонанс туғызған әлеуметтік жобалардың бірі - «Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Тарихи шайқастағы жамбылдықтар» іздестіру акциясы». Жалпы, өңірде азаматтық қоғам институттарының өкілдері консультативтік-кеңесші органдардың құрамына және өзекті мәселелер бойынша жұмысшы топтарға да белсенді тартылған.

Сондай-ақ, облыстың үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері облыс, қала, аудандардың әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестер, Қоғамдық кеңестер, Жастар ісі жөніндегі кеңес, Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес, қоғамдық кеңестердің, облыс, қала, аудандар әкімінің жанындағы әйелдер және отбасы-демографиялық саясат істері бойынша және Кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың, облыстық, қала, аудандардың «Нұр Отан» партиясы филиалдарының жемқорлықпен күрес жөніндегі қоғамдық кеңестердің, Жамбыл облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы құрамына барлығы 200-ден астам ҰЕҰ өкілдері енгізілген.

Қарағанды облысы

Облыста **1035** ҰЕҰ тіркелген. Өз жұмысын 14 бағыт бойынша іске асыратын **347** ұйым жұмыс атқарып отыр. Мемлекеттік органдардың үкіметтік емес ұйымдармен негізгі жұмысы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы іске асады.

2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға (республикалық бюджетті есептегенде) **1397,8 млн. теңге** (138 жоба), 2014 жылдың көрсеткіштен **38%** жоғары қаржы бөлінді. Бұл азаматтардың әр түрлі санаттарын қосқанда, халықтың басым бөлігін қамтуға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік маңызды жобалар тізімі оларды мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа қосу үшін жыл сайын социологиялық зерттеулер арқылы анықталған облыстың өзекті проблемаларынан және үкіметтік емес ұйымдардан келіп түскен ұсыныстардан құралады. Жыл сайын құрамына мемлекеттік мекемелердің және ҰЕҰ өкілдері кіретін жұмыс тобы құрылады, олар қоғамдық бірлестіктерден келіп түскен ұсыныстарды қарайды. Әлеуметтік жобалар жұмыс тобы қарағаннан кейін ҰЕҰ-мен өзара іс-қимыл жасасу және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің отырысында бекітіледі.

2003 жылдың 25 қарашасынан бастап Қарағанды облысы әкімдігінің № 18/23 қаулысымен үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасасу жөніндегі облыстық кеңес – консультативтік-кеңестік орган құрылды, оның құрамына мемлекеттік органдар, әр түрлі салада қызмет көрсететін ҰЕҰ, БАҚ өкілдері кірді. Осы тәріздес кеңестер облыстың барлық қалалары мен аудандарында құрылды.

ҰЕҰ өкілдері Кеңес мүшелерінің жалпы құрамының 80 % құрайды, ол мемлекеттік органдардың тікелей және конструкциялық диалог құруға талпынуын көрсетеді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жыл сайын әр түрлі іс-шаралар өткізіледі, мысалға, Спорт және мүгедек балалар шығармашылығы фестивалі; ҰЕҰ фестивалін ұйымдастыру және өткізу (әлеуметтік жобалар көрме-жәрмеңкесі; «Жылдың үздік ҰЕҰ» конкурсы; ҰЕҰ конференциясы); елдің тарихи мұрасын паш етуге бағытталған іс-шаралар кешенін өткізу; облыстың ардагерлер ұйымдарын қолдауға арналған іс-шаралар; отбасы құндылықтарын насихаттау жөніндегі іс-шаралар; салауатты өмір салтын насихаттау іс-шараларын ұйымдастыру және т.б.

Сонымен қатар, 2015 жылы үкіметтік емес ұйымдарды қолдау бойынша арнайы сайт құрылды, онда облыстың үкіметтік емес секторының қызметі туралы материалдар жарияланады.

Үкіметтік емес ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін облыста «Қарағанды облысының Азаматтық альянсы» ассоциациясы» ЗТБ жұмыс істейді, ол өз қызметінде қайта құрылған бейкоммерциялық ұйымдарға консультативтік көмек көрсетеді, қоғам мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасуының берік ұзақ мерзімді жүйесін қалыптастыруға көмектеседі, азаматтық бастамаларды дамыту және қолдау мәселесі бойынша халықпен жұмыс істейді. Бұл ұйымның қызметін қаржыландыру мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс есебінен іске асырылады.

Қостанай облысы

Қостанай облысының үкіметтік емес секторы азаматтық қоғамның белсенді дамып келе жатқан институттарының бірі. Бүгінгі күні облыс бойынша **962** ҰЕҰ тіркелген. Олардың ішінде, әлеуметтік-экономикалық даму фондарын санамасақ, **123** ұйым (жалпы тіркелген ұйымдар санынан 13%) белсенді жұмыс атқарып отыр.

Үкіметтік емес сектордың соңғы жылдардағы даму қарқыны, ҰЕҰ белсенділерінің сипаттамасы мен компетенциялары сандық көрсеткіштерден сапалық көрсеткіштерге қарай бағытталуын айқындайды.

Облысымыздың мемлекеттік органдары мен үкіметтік емес ұйымдарымен 2014-2016 жылдар аралығында үкіметтік емес сектордың дамуына бағытталған іс-шаралар кешені жүзеге асырылды. Ең алдымен бұл 2014 жылғы 134,6 млн. теңгеден 2016 жылғы **146,1 млн. теңгеге** дейінгі мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландырудың динамикасы.

Бірнеше жыл бойы облыстық үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңестің отырыстарында ҰЕҰ жобаларының сала және аймақ бойынша қаржыландыруды қарастыру сұрақтары көтерілген болатын. Бүгін біз мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста 10 салалық басқарма мен 20 қалалық және аудандық әкімдіктерінің қатысуының артуы туралы айта аламыз.

Азаматтық қоғамның даму қарқыны туралы сұрақтар әрдайым мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ ұйымдастыратын пікір алмасу алаңдарында көтеріледі. Бұндай алаңдардың бірі болып, 2010 жылдан бастап жұмыс жасап келе жатқан облыстық әлеуметтік идеялар мен жобалар Жәрмеңкесі саналады. Оның аясында дәстүрге айналған мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ кездесуі ұйымдастырылады. Мұнда қалалар мен аудандардың әкімдіктері және салалық басқармалар мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты басқару жүйесін жетілдіру мүмкіндігіне, соның ішінде ҰЕҰ, мақсатты топтар көшбасшыларының пікірі ескерілетін және іске асырылған жобалардың қоғамдық аудитімен аяқталатын лоттар тақырыптарын ұйымдастыруға ие.

Үш жыл ішінде Жәрмеңкеге 151 ұйымдар мен бастамашыл топтар қатысты, кәсіпкерлікті, өзін-өзі басқаруды дамытуға, жастардың патриоттық және отбасылық тәрбиесі саласындағы 24 әлеуметтік маңызды жобалар іске асырылды.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде облыстық ҮЕҰ Ресурстық орталығы сегізінші жыл жұмыс жасауда, жобалардың іске асырылуының жүйелік графигі, ақпараттық сүйемелдеудің медиа-жоспарлары дайындалады, ҮЕҰ арасында байқау өткізіледі. 3 жыл ішінде 23 ҮЕҰ байқау жеңімпаздары атанды, соның ішінде 13-і қалалық, 10-ы өңірлік болып табылады.

ҮЕҰ жобаларының сапалығын іштей мониторингілеу үшін мемлекеттік органдармен қоғамдық сарапшылар тобын қатыстыру тәжірибесі жалғасуда, олардың арасында мәслихат депутаттары, саяси партиялар облыстық филиалының көшбасшылары, БАҚ, қоғамдық пікір көшбасшылары.

Сонымен қатар, облыстың азаматтық қоғамы мен кәсіпкерлікте қайырымдылық іс-шараларды өткізу бойынша көпжылдық тәжірибелері бар. Осылай, 15 жыл ішінде «Қостанай меценаттар клубы» қоғамдық қорымен еліміздің рухани мұрасын сақтауға зор үлесін қосқан мәдениет, өнер, ғылым, журналистика және басқа да шығармашылық қызметтер өкілдеріне тәуелсіз сияқы жыл сайын ұсынады.

«Қостанайские новости» облыстық газет журналистерінің және «Дерек» ҚҚ бастамасымен іске асырылатын «Жизнь на ладони» жобасы 3 жыл бойында 53 баланы емдеуге 21 миллион 400 мың теңге жинады.

Қызылорда облысы

Қызылорда облысында тіркелген ҮЕҰ-ның саны **831**, оның **409** әрекет етуші.

ҮЕҰ-дың қызметінің негізгі бағыттары жастар саясатын және балалар бастамаларын қорғау, әлеуметтік осал топтарды қолдау, қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық келісімді және ұлттық бірлікті нығайту, азаматтардың және бірлестіктердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, білім, азаматтардың денсаулығын қорғау және салуатты өмір салтын үгіттеу болып табылады.

Мемлекеттік органдармен ҮЕҰ-дың өзара іс-қимыл негізгі механизмі - мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс болып табылады. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың облыста іске асыру тәжірибесі 2004 жылдан басталған.

2016 жылы әлеуметтік жобалардың іске асырылуына (қалалық және аудандық бюджеттер қоса) **741,5 млн. теңгеге** жеткен (2014 жыл-567,7 млн.теңге) көрсеткіш **23 %** өскен. 3 жыл ішінде жалпы 1 909,2 млн.теңгеге 466 әлеуметтік жоба іске асырылған.

Ағымдағы жылда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста облыстық басқармалар ішкі саясат, табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу, жастар саясаты, тілдерді дамыту, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру, ауыл шаруашылығы. Қызылорда қ. және 6-ты селолық аудандарда жергілікті бюджеттен ҮЕҰ жобаларын қаржыландыруға бөлінген.

Жалпы, әлеуметтік жобалардың бағыттары: жастар саясатын қорғау, әлеуметтік осал топтарды қолдау, салауатты өмір салтын үгіттеу, спорт және дене шынықтыру, қоғамдық келісімді нығайту және т.б. болып табылады.

ҮЕҰ өзара іс-қимылдың негізгі қызметі мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың арасындағы серіктестік қарым-қатынасты орнату.

Облыста маңыздылығы басым ҮЕҰ: «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығы, "Ауғанстан соғысының мүгедектері ұйымы" қоғамдық бірлестігі, «Самұрық» қоғамдық қоры, "Ару-Ана" қоғамдық бірлестігі, "Көкжиек" қоры және т.б. болып табылады.

Маңғыстау облысы

Маңғыстау облысында азаматтық қоғам институттарымен қарым-қатынасты нығайту үшін жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Өңірде **424** үкіметтік емес ұйым ресми тіркелген, олардың **382-сі** қазіргі кезде жұмыс атқаруда.

Сондай-ақ, әлеуметтік тапсырыс аясында облыста тұрақты негізде ҰЕҰ-дың көпсалалық ресурстық орталығы, Медиация, Тұрғындарға тегін заңгерлік көмек көрсету т.б. қызметтер атқарылуда. Конструктивтік ағымда өз қызметтерін облыстық Азаматтық альянс жүргізуде.

Жыл сайын мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа бөлінген қаражат көлемі, әлеуметтік жобалар саны мен қамтылған тұрғындар саны ұлғайып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың салалық принциптері кеңейтілуде.

Атап айтқанда, 2014 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 78 әлеуметтік жобаларға 162,8 млн. теңге бөлінсе, 2016 жылы 18 мемлекеттік орган 87 әлеуметтік жобалар үшін **280 млн теңге** бөлінді. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда **42%** жоғары.

2014-2016 жылғы әлеуметтік жобалардың негізгі бағыттары: азаматтық қоғамды дамыту, мемлекет пен ҰЕҰ-ның өзара іс-қимыл тәжірибесін жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту, гендерлік саясатты іске асыру, тұрғындардың діни сауатын көтеру, құқықтық көмек көрсету, діни қарым-қатынас саласында консультативтік және тәжірибелік көмек көрсету, этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы тұрақтылық, жастар саясаты, репродуктивті денсаулық сақтау, әлеуметтік дерттің алдын-алу, жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту және т.б. болды.

Сонымен қатар, облыста барлық қалалар мен аудандарда ресурстық орталықтар белсенді түрде қызмет атқарады.

Облыста үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық жасасу жөніндегі облыстық кеңес – консультативтік-кеңестік орган құрылды. Кеңестің 70% ҰЕҰ өкілдері және аталған Кеңес төрағасының орынбасары «Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ кеңесшісі, әрі «Жастар Жетістіктері» ҚҚ директоры Ж. Махамбетова.

Республикамызда тек Маңғыстау облысында облыс әкімінің қолдауымен «ҰЕҰ саласындағы Менеджмент» МВА бағдарламасы бойынша 26 ҰЕҰ-ң жетекшілері мен мамандары тегін магистратуралық білім алуда.

Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдар МӘТ жүзеге асуы жөнінде тұрғындарды БАҚ-да, пресс конференция, кездесулер, ғаламтор сайттарына шығару, әлеуметтік желілерде жариялау, презентация және т.б. негізде хабардар етеді. «Қазақстан Ақтау» облыстық телеарнасында ҰЕҰ қызметін насихаттау мақсатында «3-ші сектор» бағдарламасы ашылды.

Осыған сәйкес, Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының «Маңғыстау облысында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне мониторинг жүргізу және тиімділігін бағалау» жобасы аясында БАҚ тұрақты контент-анализ жүргізіліп отырылады.

Оңтүстік-Қазақстан облысы

Оңтүстік Қазақстан облысында тіркелген ҰЕҰ саны **542** кәсіпорынды құрады, оның ішінде жұмыс істейтін кәсіпорындар саны - **152**.

Үкіметтік емес ұйымдардың басым бөлігі білім және ғылым, мәдениет және спорт, жастар саясатын қолдау, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдау, азаматтардың құқықтарын қорғау және салауатты өмір салтын насихаттау салаларында қызмет етеді.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы ҰЕҰ тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

Соңғы үш жылда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру көлемі 2
есеге өсті және 2016 жылы **781,8 млн. теңгені** құрады, 2014 жылмен салыстырғанда **39%** арта түсті. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің саны бес басқармаға дейін арта түсті.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша Кеңес – бұл құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес органдардың өкілдері кіретін, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мен үкіметтік емес ҮЕҰ арасындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін құрылған консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

«Сана Сезім» әйелдер бастамалары құқықтық орталығының «Адам саудасы құрбандарына көмек көрсету» атты жобасы аясында Өзбекстанның 41 азаматы, Қазақстан Республикасының 4 азаматы, Ресейдің 3 азаматы және Қырғызстанның 12 азаматы құлдықтан құтқарылып, оларға көмек көрсетілді. Адам саудасы фактісі бойынша және Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты сексуалдық пайдаланудың 4 жағдайы бойынша үкімдер шығарылды. Психологиялық көмек адам саудасының 53 құрбанына көрсетілді. Әлеуметтік көмек 306 клиент пен олардың отбасыларына көрсетілді. Қайта виктимдеудің алдын алу үшін, адам саудасы құрбандарын әлеуметтік ортаға қайта қосу жүргізілуде.

2016 жылғы шілде айынан бастап, «Сана Сезім» ӘБҚО ҚБ ОҚО-да арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша пилоттық жобаны іске асыруда. Бүгінгі таңда адам саудасының 4 құрбанына және олардың кәмелеттік жасқа толмаған балаларына арнайы әлеуметтік қызметтер стандарттарына сәйкес көмек көрсетілуде. Қызмет көрсетілетін адамдарға қауіпсіз баспана, медициналық көмек, психологиялық көмек ұсынылды, заңгерлік консультациялар, жаңа құжаттарды ресімдеу немесе жоғалған құжаттарды қалпына келтіру, олардың мүмкіндіктеріне, қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне, сондай-ақ кәсіптік бағдарлануы мен алған мамандықтарына байланысты уақытша немесе тұрақты жұмыс беріледі.

«Оңтүстік Қазақстан Облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ «Таза қала» акциясын ұйымдастыру» жобасы аясында қала волонтерлары және жастарының күшімен аталған парақшалар қаланың қоғамдық орындарында орналастырылды. Парақшаларда «Үздік аула», «Үздік көше» номинациялары бойынша «Таза қала» байқауын өткізу ережелері туралы ақпарат қамтылды. Халықтан байқауға қатысу үшін өтінімдер жиналып, зерттеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Әр 15 күн сайын жұмыс тобының мүшелері байқауға қатысуға өтінім берген қала аумақтарындағы жағдайға мониторинг жүргізіп отырды. Рейдтерге БАҚ өкілдері де қатысты. Құрамына еңбек ардагерлері, аудан әкімдерінің орынбасарлары, қоғамдық ұйымдар кірген комиссия байқау жеңімпаздарын анықтады.

Павлодар облысы

Облыста **792** қоғамдық ұйым тіркелген, олардың **200**-ден астамы белсенді қызмет атқаруда.

Жұмыстың негізгі бағыттары: жастар саясатын іске асыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, экология, спорт, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, гендерлік қарым-қатынастар, мүгедектерді қоғамға кіріктіру салалары және т.б.

Жыл сайын облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру және білім, жастар саясаты жөніндегі басқармалары, қалалар мен аудандардың ішкі саясат бөлімдері мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша жобаларды іске асыруда.

2016 жылы жалпы сомасы **688 млн. теңге** 124 жоба іске асырылды.

Неғұрлым маңызды және мәнді жобалар мыналар:

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Жасыл ел» экологиялық жасақтары жасыл желектерді күту жұмыстарын, облыс қалалары мен аудандарында газондар мен гүлзарларды жасау жұмыстарын өткізді.

Облыста 2011 жылдан бастап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша үйде күтім көрсету және күндізгі бөлім (жартылай стационар) жағдайында мұқтаж мүгедектер мен психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балаларға, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға, жалпы ауруы бойынша 1,2 топтағы мүгедектерге және қарттарға үкіметтік емес сектор күшімен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

2015 жылы «Қазақстанда іске асырылатын ең үздік жобалар» республикалық көрмесінде Павлодар облысының «Үміт Үзбеу» қоғамдық қорының (Павлодар қ.) «Ананың қолымен жасау» жобасы құрметті үшінші орынды алды, автор Гаухар Омарованы 1 млн. теңге ақшалай сыйлығымен марапаттады.

Ағымдағы жылы көрмеге Павлодар қ. «Самал» оңалту орталығы» мүгедектердің ҚБ – «Ерекше театр. «Мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастарға арналған музыкалық-пластикалық және қуыршақты театр» интегративті театралды жобасы», Екібастұз қ. «Өмір» оңалту шығармашылық орталығы» ҚБ – «Шатыр астында бау-бақша – қысы-жазы дәрумен», Екібастұз қаласының «Екібастұз» балалар қоры» ҚҚ – «Балалар диабеті» жобалары жолданды.

«Павлодар облысының азаматтық альянсы» ЗТБ-мен бірлескен қызмет жандандырылды. Заңды тұлғалар бірлестігі мемлекеттік құрылымдармен, бизнес қауымдастықтарымен және азаматтық қоғамның басқа институттарымен бірлесіп, әлеуметтік құқықтар мен азаматтардың жекелеген топтарының мүдделерін қорғау саласында жұмыс жасайтын өңірдің неғұрлым белсенді 70-ден астам үкіметтік емес ұйымын біріктіріп отыр. ЗТБ жанында Павлодар облысы азаматтық альянсының Үйлестіру кеңесі құрылып, қызмет атқаруда.

Этносаралық, тілдік және діни қарым-қатынастарды сақтау және нығайту үшін 24 облыстық этномәдени бірлестіктің, облыс қалалары мен аудандарында 83 этномәдени бірлестіктің, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының 13 филиалының қызметі қамтамасыз етілуде. 2015 жылы финн-угор этносының бірлестігі тіркелді.

Биліктің мемлекеттік органдары жанындағы кеңестер мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың ұтымды және жүйелі ынтымақтастығын жолға қоюдың маңызды тетігі болып табылады. Облыс, қалалар мен аудандар әкімдерінің, басқармалар мен департаменттер жанындағы қызмет атқарып отырған консультативтік-кеңестік органдардың құрамына ҮЕҰ өкілдері енгізілді.

Солтүстік-Қазақстан облысы

Облыста әртүрлі бағыттағы қызмет етіп отырған **308** үкіметтік емес ұйымдары тіркелген, белсенділері **190** астам ҮЕҰ. Облыс аудандарында 82 қоғамдық бірлестіктері қызмет етеді.

Мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ өзара қатынасы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс механизмі арқылы жасалады.

Сонымен, ағымдағы 2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру **112,4 млн. теңге** құрады.

ҮЕҰ-мен өткізілетін көлемді және маңызды іс-шаралар табылады: «Мерейлі отбасы» ұлттық сайысының аумақтық кезеңін жыл сайын өткізу; Солтүстік Қазақстан облысының екі әскери-патриоттық клубының қатысуымен Халықаралық еске алу Вахтасы («Алғыс», «Саланг»).

Ағымдағы жылда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде аса ірі іс-шаралар жүзеге асырылуда: СҚО үкіметтік емес ұйымдарының форумы және республикалық Форумға қатысу (СҚО Азаматтық Альянсі), «Жасыл ел» жастар жасақтарының жазғы еңбек маусымының салтанатты ашылуы мен жабылуы («СҚО студенттік жастардың еңбек жасақтарының Штабы»), СҚО жастар Форумы мен «Жастар ауылы» жазғы лагерін өткізу, «EXPO-2017» халықаралық көрменің өтуіне еріктілерді дайындау және еріктілер қозғалысын дамыту бойынша іс-шаралар кешені, жастар арасында мерейтойларды және мемлекеттік мерекелерді тойлау шеңберіндегі іс-шаралар кешені («Жас Отан» ЖҚ ҚБ СҚОФ).

Үкіметтік емес ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасау Кеңесі облыс әкімдігінің қарамағындағы кеңестік-жиындық орган табылады және мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасауының маңызды пішіні болып табылады.

Кеңес үкіметтік емес ұйымдарының пайда болуы мен дамуына ықпал етеді, қоғамның әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуіндегі рөлін күшейту, үкіметтік емес ұйымдарымен мен мемлекеттік органдарының координациясы.

Кеңестік-жиындық орган құрамына мемлекеттік органдардың басшылары және 50% ҮЕҰ өкілдері құрайды.

Үкіметтік емес ұйымдарымен бірлесіп қызмет ету бойынша облыста 13 аудандық және 1 облыстық Кеңес қызмет етеді. Кеңес қызметі бекітілген жұмыс жоспары негізінде құрылады.

Ағымдағы жылы Петропавл мүгедектердің ҚБ, Жарты қызыл ай қоғамы, майдангерлер қоғамы және «Адон-Север» қоғамдары қызмет атқаруда. Сондай-ақ облыста іскер әйелдер қаумдастығы мен «Экосфера» экологиялық қоғам жұмыс істейді.

Шығыс-Қазақстан облысы

Облыста ағымдағы жылы **713** қоғамдық бірлестіктер тіркелген. Дегенмен, бірнеше жыл қатарынан белсенді қызмет ететін ұйымдар саны сол деңгейде қалып отыр – **215**.

Әсіресе жастар саясаты, спортты қолдау және СӨС, білім мен ғылым, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарымен жұмыс секторлары белсенді жұмыс істейді.

Үкіметтік емес ұйымдарды қолдаудың негізгі формасы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс болып табылады. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың көлемі ағымдағы жылы **357 млн. теңгені** құрады.

2014-2016 жылдар аралығында жалпы 255 әлеуметтік маңызды жоба іске асырылды.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша жұмыс ішкі саясат, дін істері, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру, денсаулық сақтау 4 басқармалармен және қала және аудандардың әкімдіктерімен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік маңызды жобалардың іске асырылуының сапасын арттыру мақсатында, бюджеттік қаражаттардың қолданылу ашықтығын және тиімділігін бақылау мақсатында 6 жыл қатарынан тұрақты түрде әлеуметтік маңызды жобалардың тәуелсіз мониторингі жүргізіледі, оған үкіметтік емес ұйымдардың тәуелсіз сарапшылары тартылады.

Өңірлік ерекшеліктерге байланысты шекаралық аумақтардағы ұлтаралық жағдай мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Есеп беру кезеңінде (2014-2016 жж.) үкіметтік емес ұйымдармен бірге келісімді және ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған 12 әлеуметтік маңызды жобалар іске асырылды. Жалпы сомасы 22,8 млн. теңгені құрайды.

Шығыс Қазақстан облысының қоғамдық ұйымдары халықаралық және қазақстандық ұйымдардың гранттық әлеуетін белсенді қолданады.

Жобалардың негізгі тақырыптары – азаматтық қоғам институттарын дамыту, арнайы әлеуметтік қызмет көрсету, адам саудасымен күресу, ЖИТС/ АИВ алдын алу.

Жалпы 2014-2016 жыл аралығында 564 млн. теңге сомасында 52 жоба іске асырылды.

Облыста 2016 жылы «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сай қызметі сәйкестендірілген 2006 жылдан бастап Қоғамдық кеңес жұмыс істейді.

Қоғамдық кеңестердің (барлық деңгейдегі) 2014-2016 жылдардағы сәйкес қызметін ескере отырып 169 отырыс, оның ішінде 10 қоғамдық тыңдаулар, қала және аудандарға 42 көшпелі отырыс, сараптама жұмыс топтарының 74 отырысы, 35 рейд өтті.

295 нормативті-құқықтық актілердің жобалары қарастырылып келісілді. Сонымен қатар, саяси партиялармен, кәсіподақтармен, этномәдени бірлестіктермен, Достық үйлерімен және басқалармен өзара байланыс орнатылған.